Упрощенной такая процедура называется именно потому, что, с одной стороны, апостилирование осуществляется достаточно быстро и только одним уполномоченным органом, а, с другой стороны, документ приобретает юридическую силу на территории всех стран, присоединившихся к Гаагской конвенции.

Если же страна, в которую вы готовите документ, не является участницей Гаагской конвенции, необходима консульская легализация. Это более сложная процедура, включающая в себя удостоверение документа в органах Министерства иностранных дел Республики Казахстан, а затем в консульстве страны назначения в Республике Казахстан. При этом документ будет иметь юридическую силу на территории только той страны, отметка консульства которой на нем стоит.

Также выбор процедуры легализации может быть основан на типе документа, так как существует ряд документов, которые не подлежат ни консульской легализации, ни апостилированию. В основном это касается коммерческих документов: договоров, инвойсов, коносаментов, различных товарораспорядительных документов и других документов, связанных с внешнеэкономической деятельностью, и для них существует отдельная процедура - легализация документа в Торгово-промышленной палате РК (с недавних пор входит в состав Национальной экономической палаты Казахстана "Атамекен"), а затем в консульстве страны назначения.

Подпись, печать или штамп, проставляемые компетентным органом на апостиле, не требуют никакого дальнейшего заверения или легализации, а документ, на котором проставлен апостиль, может быть использован в любой из стран - участниц Гаагской Конвенции.

В соответствии с Постановлением Правительства РК № 545 от 24 апреля 2001 года в качестве организаций, обладающих полномочиями по проставлению апостиля определены следующие государственные органы:

- Министерство юстиции РК;
- Министерство образования и науки РК;
- Министерство внутренних дел РК;
- Комитет информации и архивов Министерства культуры и информации РК;
- Комитет по судебному администрированию при Верховном Суде РК;
- Министерство финансов РК;
- Генеральная Прокуратура РК;
- Министерство обороны РК;

Как узнать: нужна консульская легализация или апостиль?

Если страна, в которой предполагается использовать документ, является участницей Гаагской конвенции 1961 года - значит нужен штамп "апостиль". В противном случае - консульская легализация.

В любом случае самым важным источником достоверной информации является организация, в которую должен представляться легализованный документ, т.к. иногда даже в пределах одного государства разные органы предъявляют разные требования к легализации иностранных документов. Поэтому вам необходимо уточнять требования к виду легализации в органе, в который собираетесь подавать легализованный документ.

Согласно Гаагской конвенции 1961 г., апостиль имеет форму квадрата со стороной не менее 9 см и должен соответствовать образцу, приложенному к Конвенции.

Текст апостиля должен содержать следующие реквизиты:

Наименование государства, выдавшего апостиль

Фамилия лица, подписавшего удостоверяемый апостилем документ

Должность лица, подписавшего удостоверяемый апостилем документ

Наименование учреждения, печатью/штампом которого скреплён документ, удостоверяемый апостилем

Название города, в котором проставлен апостиль

Дата проставления апостиля

Название органа, проставившего апостиль

Номер апостиля

Печать/штамп учреждения, проставившего апостиль

Подпись должностного лица, проставившего апостиль

Апостиль может быть составлен как на одном из официальных языков Конвенции (французский либо английский), так и на национальном языке государства, проставившего апостиль. На практике надписи на апостиле часто дублируются на двух языках (одном из языков Конвенции и национальном).

Заголовок «Apostille (Convention de la Haye du 5 octobre 1961)» должен быть дан на французском языке.

Согласно Конвенции, апостиль проставляется на самом документе или на отдельном листе, скрепляемом с документом.

На практике в различных государствах используются различные способы проставления апостилей: резиновый штамп, клей, (разноцветные) ленты, сургучная печать, рельефная печать, самоклеящиеся стикеры и т. д., а также в качестве приложения к документу, что осуществляется при помощи клея, крепёжных колец, скрепок и т. д.

Список стран и территорий, подписавших Гаагскую Конвенцию от 5 октября 1961 года о легализации документов (Apostille):

Австралия, Австрия, Азербайджан, Албания, Андорра, Антигуа и Барбуда, Аргентина, Армения, Аруба (Нид.), Багамы, Барбадос, Бахрейн, Белиз, Белоруссия, Бельгия, Бермудские о-ва (Брит.), Болгария, Босния и Герцеговина, Ботсвана, Британская Антарктическая территория (Брит.), Британские Виргинские о-ва (Брит.), Бруней Даруссалам, Бурунди, Вануату, Великобритания и подчиненные ей территории, Венгрия, Венисуэла, Виргинские о-ва (США), Восточное Самоа (США), Гваделупа (Фр.), Гвиана (Фр.), Германия, Гернси (Брит.), Гибралтар (Брит.), Гондурас, Гонконг (особый адм.р-н Китая Сянган), Гренада, Греция, Грузия, Гуам (США), Дания, Джерси (Брит.), Доминика, Доминиканская Республика, Израиль, Индия, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, К або-Верде, Казахстан, Кипр, Киргизия, Колумбия, Корейская Республика, Косово, Коста-Рика, Латвия, Лесото, Либерия, Литва, Лихтенштейн, Люксембург, Маврикий, Майотта, Макао (особый адм.р-н Китая Аомынь), Македония, Малави, Мальта, Маршалловы острова, Мексика, Молдова, Монако, Монголия, Монтсеррат (Брит.), Морокко, Мэн, остров (Брит.), Намибия, Нидерландские Антильские о-ва (Нид.), Нидерланды, Никарагуа, Ниуэ, Новая Зеландия, Новая Каледония (Фр.), Норвегия, Оман, Острова Кука, Панама, Парагвай, Перу, Польша, Португалия, Пуэрто-Рико, Реюньон (Фр.), Республика Сингапур, Российская Федерация, Румыния, Сальвадор, Самоа, Сан-Марино, Сан-Томе и Принсипи, Свазиленд, Св.Елены, остров (Брит.), Северные Марианские о-ва (США), Сейшелы, Сен-Пьер и Микелон (Фр.), Сент-Винсент и Гренадины, Сент-Китс и Невис, Сент-Люсия, Словения, Соединенные Штаты Америки, Суринам, Таджикистан, Тонго, Тринидад и Тобаго, Турция, Тюркс и Кайкос (Брит.), Узбекистан, Украина, Уоллис и Футуна (Фр.), Уругвай, Фиджи, Финляндия, Фолклендские (Мальвинские о-ва (Брит.), Франция, Французская Полинезия (Фр.), Хорватия, Черногория, Чехия, Швейцария, Швеция, Эквадор, Эстония, Южно-Африканская Республика, Япония.

З. АБЗАЛОВА,
главный специалист отдела регистрации некоммерческих организаций и контроля в сфере регистрационной службы Департамента юстиции области Жетісу

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБЪЕКТІНІ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАУ АКТІСІН ТІРКЕУ

ОБЪЕКТІНІ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАУ АКТІСІ – БЕКІТІЛГЕН ЖОБАҒА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК (МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ) НОРМАТИВТЕРГЕ СӘЙКЕС ОБЪЕКТ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ОБЪЕКТІНІҢ ПАЙДАЛАНУҒА ТОЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТ.

Объектіні пайдалануға қабылдау актілерін жүргізу және есепке алу тәртібі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның 75-1-бабында белгіленген.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңның 18-бабының 1-тармағы жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеудің қажетті шарттары құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу және жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру болып табылатынын айқындайды.

Жылжымайтын мүліктің жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін тіркеуші орган тиісті жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінде есепке алынуға жататын объектіні пайдалануға қабылдау актісі негізінде құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізеді.

Салынған объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу үшін негіз болып табылады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы өтініш берушіден объектінің техникалық сипаттамаларын және оған инженерлік желілердің және (немесе) ғимараттардың (құрылыстардың) нақты жағдайын атқарушы геодезиялық түсіруді қоса бере отырып, объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін, сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың сәйкестігі туралы қорытындыларды алған сәттен бастап бір күн ішінде бекітілген жобаға жұмыстарды бір мезгілде жолдайды:

1) объектінің орналасқан жері бойынша сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесіне объектінің техникалық сипаттамаларын қоса бере отырып, объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі;

2) объектінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына объектінің техникалық сипаттамаларын, сәйкестік туралы декларацияны және құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды қоса бере отырып, объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін ұсынады.

Сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні өткенге дейін тапсырыс берушінің құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында айқындалған рәсімдерді сақтауына салыстырып тексеруді жүргізеді және мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттық жүйесі арқылы пайдалануға қабылдау актісін есепке алуды жүргізеді.

Салыстыру қорытындысы бойынша құрылыс объектісі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда бұл туралы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары мен тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

Сәйкессіздік болмаған жағдайда бір жұмыс күні ішінде тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

Сәулет және қала құрылысы органдарынан және жергілікті атқарушы органдардан жылжымайтын мүлік объектісі туралы теріс қорытынды түскен кезде тіркеуші орган жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

З. АБЗАЛОВА,
Жетісу облысы Әділет Департаменті коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы

ЗАҢ ТАЛАБЫ

БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ РӘСІМ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Кейінгі кезде банкроттық жайлы мәселе жиі қозғалып, осы жайында сотқа жүгінуге байланысты дау туғызып жатқан істер қатары арта түсті. Бұл әсіресе азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы заң қабылданғалы орын алуда. Сондықтан 2023 жылғдың 3 наурызынан бастап қолданысқа енгізілген "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" ҚР заңының аясында қандай әрекеттер жасауға борлатыны жайлы оқырмандарға қысқаша түсінік бере кетуді жөн көрдік.

Ең басты шарты, банкроттыққа өтініш бергенге дейін қарыз алушы мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап 18 айдан аспайтын мерзімде кредиттік шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу немесе өндіріп алу жөніндегі рәсімнен міндетті түрде өтуге тиіс.

Сонымен қатар, егер қарыз алушының барлық кредиторлар бойынша 5 жылдан астам міндеттемелерді өтеуі болмаса, онда ол реттеу рәсімін қолданбай банкроттық туралы өтінішті қараудың оңайлатылған тәртібін беруге құқылы. Атаулы әлеуметтік көмекті (АӘК) алушы болып табылатын борышкер 6 ай ішінде осы рәсімді қолдану үшін мерзімі өтіп кеткен мерзімді есепке алмай өтініш бере алады.

Жалпы банкроттық туралы рәсімнің 3 түрі бар: соттан тыс банкроттық; сот арқылы банкроттық; төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Бұл рәсім түрлерінің бәрі қарыз алушының бастамасымен ғана жүзеге асады. Демек, банк өз тарапынан борышкердің келісімінсіз банкроттыққа өтініш бере алмайды.

Алдымен, соттан тыс банкроттық қашан қолданылатыны жайлы мағлұмат берейік. Банкроттық туралы рәсімнің бұл түрі жеке тұлғаның банк, микроқаржы ұйымы және коллекторлық агенттік алдындағы қарызы 1 600 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) (Мәселен, 2023 жылы – 5 млн 520 мың теңге) аспаған жағдайда соттан тыс банкроттық қолданылады.

Өзіңізге банкроттықтың осы түрін қолдану мүмкіндігі болуы үшін міндетті түрде келесі талаптар сақталуы тиіс: атында мүлкі болмауы тиіс; өтініш берген күнге дейін 12 ай қарызын төлей алмаған болуы тиіс; берешектің мерзімі өткен күннен бастап 18 айдан аспайтын мерзімде борышкерге қатысты несие шарты бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу немесе өндіріп алу жөніндегі рәсімдер жүргізілген болуы; өтініш берілген күні 7 жыл бойы банкроттықты қолданбаған болуы керек.

Тағы бір айта кететін жай, сонымен қатар, банкроттық рәсімінің бұл түріне 5 жылдан астам уақыт қарызын төлей алмаған жеке тұлғалар да жүгіне алады. Сондықтан банктен несие алып, түрлі себептермен қарыздарын жылдап жаба алмай, тығырыққа тірелген азаматтар өздерінің жағдайлары баяндалған талаптарға сәйкес келетін болса жүгінуіне болады.

Олег АНИСИМОВ,
Текелі қалалық сотының төрағасы.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

ӨТІНІШХАТТАРДЫ ҚАРАУДЫҢ ТӘРТІБІ

Кез келген сот процестерінде қатысушы тараптар көптеген өтінішхаттар беріп жатады. Тараптардан түскен осындай көптеген өтінішхатардың барлығын бірдей төрағалық етуші судья қабылдап, қарауға міндетті ме жоқ па деген сауал да туындап жатуы мүмкін. Сондықтан бүгінгі шағын мақаламызда осы өтінішхаттардың мәселесі жайлы қысқаша мағлұматтар бере кетсек артық болмас.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 99-бабында қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхаттарын қараудың міндеттілігі жайлы жан жақты атап көрсетілген. Ендеше осы баптың талаптарына сәйкес қылмыстық процеске қатысушылар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, прокурорға, судьяға (сотқа) қылмыстық процесс барысында маңызы бар мән-жайларды анықтау, өтінішхатпен жүгінген тұлғаның немесе өздері өкілдік ететін тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін процестік әрекеттерді жүргізу немесе процестік шешімдерді қабылдау туралы өтінішхаттармен жүгінуге құқылы. Оның үстіне мұндай өтінішхаттар процестің кез келген сатысында мәлімделуі мүмкін. Өтінішхатты мәлімдеген тұлға қандай мән-жайларды анықтау үшін әрекет жүргізуді немесе шешім қабылдауды өтінетінін көрсетуге тиіс. Жазбаша өтінішхаттар қылмыстық істің материалдарына қоса тігіледі, ауызша өтінішхаттар тергеу әрекетінің немесе сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Тағы бір айта кететін жай, егер қандай да бір себептермен қабылданбай қалған өтінішхатты оны қылмыстық сот ісін жүргізудің келесі кезеңдерінде қайталап мәлімдеуге немесе қылмыстық процесті жүргізетін басқа орган алдында мәлімдеуге тыйым салынбайды.

Естеріңізде болсын, өтінішхат ол мәлімделген бойда қаралуға және шешілуге жатады. Өтінішхат бойынша шешімді дереу қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда, ол мәлімделген күннен бастап үш тәуліктен кешіктірілмей шешілуге тиіс және егер өтінішхат істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге, процеске қатысушылардың немесе басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге ықпал ететін болса, ол қанағаттандырылуға тиіс.

Сонымен қатар, өзге жағдайларда өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартылуы мүмкін. Қылмыстық процесті жүргізетін орган келуін тараптар қамтамасыз еткен адамдардан мамандар немесе куәлар ретінде жауап алу туралы өтінішхаттарды қанағаттандырудан бас тартуға құқылы емес. Қылмыстық процесті жүргізетін орган тараптың көрсеткен адамдарының жауап алуға келуін қамтамасыз етуіне жәрдем көрсетуге, оның ішінде заңда көзделген процестік мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып, жәрдем көрсетуге міндетті.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ГАЗДАЛҒАН СУСЫНДЫ КӨП ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Газдалған сусындар — қант пен газдың қосындысынан тұратын сусындар, соңғы бірнеше онжылдықта әлемде кең тараған өнімдердің бірі. Студенттер арасында газдалған сусындардың қолданылуы жиі кездесетін құбылысқа айналған, бұл өз кезегінде денсаулыққа түрлі зиянды әсерлерге әкелуі мүмкін. Мейіргерлер бұл үрдісте шешуші рөл атқарады, себебі олар білім беру, дұрыс тамақтану, алдын алу шараларды ұйымдастыру арқылы балалардың денсаулығын сақтауға ықпал етеді.

Газдалған сусындардың студенттер денсаулығына әсері. Студенттер арасында газдалған сусындарды тұтынудың кейбір физикалық және психологиялық әсерлері байқалады:

1. Семіздік: Газдалған сусындарда көп мөлшерде қант бар, ол калорияны арттырып, семіздікке әкелуі мүмкін. Бұл, әсіресе дене белсенділігі төмен студенттер арасында байқалады

2. Құнарлы тағамдардың орнын басуы: Газдалған сусындар көп жағдайда студенттердің күнделікті рационында негізгі тамақтармен қатар тұтынылады, бұл қажетті қоректік заттардың тапшылығына әкеледі.

3. Шаршау мен энергияның төмендеуі: Газдалған сусындар құрамындағы кофеин мен қант қысқа мерзімде энергияны көтерсе, оның кейінгі әсері шаршау мен энергияның төмендеуі болады. Бұл әсіресе оқу кезінде концентрацияның төмендеуіне себеп болуы мүмкін.

Білім беру және ақпараттандыру: Студенттерге газдалған сусындардың денсаулыққа зиянды әсері туралы ақпарат университеттерде, колледждерде салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану, зиянды өнімдерден бас тарту туралы дәрістер, семиналар өткізе алады.

Алдын алу шаралары: Профилактикалық тесерулер мен консультациялар жүргізу арқылы студенттердің денсаулығын бақылауда ұстайды. Арнайы кеңес беріп, дұрыс тамақтану жоспарын ұсынып, салауатты сусындар мен тамақтану әдістерін насихаттайды. Ұсыныс: Газдалған сусындар көбінесе студенттердің стрессін жеңілдету үшін тұтынылады. Мейіргерлер эмоционалдық қолдау көрсету арқылы, табиғи тәсілдермен (мысалы, спортпен айналысу, медитация, тыныс алу жаттығулары) жеңуге үйрете алады.

Қорытынды: Газдалған сусындар студенттер арасында кең таралған, бірақ олардың денсаулыққа теріс әсері айқын. Бұл мәселе бойынша профилактикалық шаралар, ақпараттандыру және студенттерді дұрыс таңдау жасауға ынталандыру арқылы азайтуға болады. Студенттер өз денсаулығын қорғап, газдалған сусындарды тұтынудың теріс әсерлерінен сақтану үшін мейірбикелер мен денсаулық сақтау мамандарының кеңестерін ескеруі маңызды.

ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК Мейіргер ісіндегі қолданбалы бакалавр 512-топ
Білімгер: Ерлан А.Е.
Ғылыми жетекшісі: Досыкенова Р.М.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА

ПРИВЕРЖЕННОСТЬ ПРИНЦИПАМ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА

УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ СТРАНЫ НЕОТЪЕМЛЕМО СВЯЗАНО С ГЕНДЕРНОЙ ПОЛИТИКОЙ. ЭТИ ДВЕ ВАЖНЕЙШИЕ СОЦИАЛЬНЫЕ СТРАТЕГИИ СОВРЕМЕННОГО МИРА СЛЕДУЕТ ПОНИМАТЬ В ЕДИНОМ СОЦИОКУЛЬТУРНОМ КОНТЕКСТЕ. ДОСТИЖЕНИЕ РАВЕНСТВА МУЖЧИН И ЖЕНЩИН ВО ВСЕХ СФЕРАХ ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА ПРИОБРЕТАЕТ ОСОБУЮ ЗНАЧИМОСТЬ И СТАНОВИТСЯ УСЛОВИЕМ И ПРЕДПОСЫЛКОЙ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВА.

Гендерное равенство, также именуемое равенство полов, — это концепция, подразумевающая собой достижение цели равноправия в правах между сильным и слабым полом, это равная оценка обществом схожести и отличия между женщинами и мужчинами, разных социальных ролей, которые они играют, обладание ими равным статусом посредством равных условий для реализации прав человека.

За годы независимости Казахстан присоединился и ратифицировал ряд основополагающих международных договоров, касающихся положения и прав женщин. Правительство Казахстана на протяжении всего переходного периода демонстрирует приверженность принципам гендерного равенства. Последовательное институциональное развитие национального механизма по улучшению положения женщин идет с 1995 года, когда был создан консультативно-совещательный орган - Совет по проблемам семьи, женщин и демографической политике при Президенте РК. В 1998 создана Национальная комиссия по делам семьи и женщин при Президенте РК. И в настоящее время в нашей республике этому важному вопросу уделяется большое внимание.

В своем Послании народу Казахстана «ЕДИНСТВО НАРОДА И СИСТЕМНЫЕ РЕФОРМЫ – ПРОЧНАЯ ОСНОВА ПРОЦВЕТАНИЯ СТРАНЫ» 1 сентября 2021 года Президент Касым-Жомарт Токаев говорил о приоритетных целях социально-экономического развития страны на предстоящий период. В своем выступлении Президент уделил огромное внимание экономическому развитию страны после пандемии, также затронул массу важных вопросов для государства и его жителей. В том числе по вопросу защите прав человека, в том числе гендерному равенству. В частности Глава государства подчеркнул: «В начале лета в соответствии с моим Указом Правительством утвержден Комплексный план по защите прав человека. Этот важный документ закладывает долгосрочную институциональную основу дальнейшего совершенствования системы защиты прав человека в Казахстане. После принятия Комплексного плана началась активная работа по обеспечению гендерного равенства. В этой связи следует обеспечить максимальную поддержку экономических и политических позиций женщин в обществе…».

Светлана КӨПТІЛЕУҚЫЗЫ,
ведущий специалист Талдыкорганского специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям.

АКТУАЛЬНО

ЧЕМ ЧСИ ОТЛИЧАЕТСЯ ОТ КОЛЛЕКТОРА

Не секрет, что среди людей часто сравнивают частных судебных исполнителей с коллекторами. Часто случаются и ситуации когда коллекторов путают с частными судебными исполнителями. Конечно, мы все хорошо знаем о методах работы коллекторов, слышим, что часто они представляются частными судебными исполнителями. Это не исключено, потому что, у нас на сайте есть контакты и данные всех частных судебных исполнителей. Поэтому, коллекторы запросто могут брать данные любого частного судебного исполнителя, представляются его именем и могут потребовать погасить задолженность.

Коллекторы таким же успехом могут прикрываться судоисполнителями, написать определенные угрожающие письма, мы об этом тоже слышим и знаем. Но что поделаешь, это их методы работы, хотя судоисполнитель работает только с должником и его имуществом. Поэтому, пользуясь случаем, хотелось бы рассказать основные моменты, чем частный судебный исполнитель отличается от коллектора.

Если внимательно изучить отличия разительные. Здесь можно привести основные различия. Частный судебный исполнитель – это в первую очередь лицо, которое действует на основании лицензии, которое дает ему государство. Плюс он должен вступить в членство республиканской палаты. Более того, закон наделяет его специальными процессуальными полномочиями, которых нет у других. То есть он может принимать меры, которые побудят должника исполнить документ.

Коллекторы такими вещами не занимаются. Они имеют право только обзванивать и писать письма по займам. Их полномочия этим и ограничиваются. А в свою очередь частный судебный исполнитель выполняет государственные функции, которые были ранее у государственных судебных исполнителей и перешли к нам. Коллекторы же регулируются законом о коллекторской деятельности и взыскивают долги юридических лиц. К примеру, коллекторы не имеют права беспокоить должника более трех раз в неделю, в выходные дни и в нерабочее время. Мы же исполняем решение судов и в выходные, и в будние дни.

Еще одна важная деталь, коллекторы не занимаются алиментами. Ими занимаются только судоисполнители. Мы занимаемся полезным делом для общества, а коллекторы - выгодой банка. Простыми словами, коллекторы занимаются досудебным производством. Мы исполняем решение суда, а не волю банка или иной финансовой организации.

Асем АСБЕКОВА,
частный судебный исполнитель области Жетысу.

ЗАКОН

ИСПОЛНЕНИЕ СУДЕБНЫХ АКТОВ ПО УГОЛОВНОМУ ДЕЛУ

Исполнение судебных актов является важнейшим звеном правоприменительной практики, где исполнительное производство является завершающей стадией процесса. Так как, процесс по защифте права не завершается вынесением решения и вступлением его в законную силу, а продолжается в форме исполнительного производства, образующего самостоятельную стадию процесса.

Вступившие в законную силу приговор и постановление суда обязательны для всех без исключения государственных органов, органов местного самоуправления, юридических лиц, должностных лиц, граждан и подлежат неукоснительному исполнению на всей территории Республики Казахстан. Неисполнение приговора, постановления суда влечет уголовную ответственность. В частности, статьей 430 Уголовного кодекса Республики Казахстан предусмотрено, что неисполнение приговора суда, решения суда или иного судебного акта либо исполнительного документа более шести месяцев, а равно воспрепятствование их исполнению – наказываются привлечением к общественным работам на срок до восьмисот часов либо ограничением свободы на срок до трех лет, либо лишением свободы на тот же срок.

В соответствии нормам УПК РК приговоры суда, вступают в законную силу и подлежат обращению к исполнению по истечении срока на апелляционное обжалование или опротестование, если они не были обжалованы или опротестованы. В случае пересмотра дела в апелляционной инстанции, если он не отменен, приговор вступает в силу в день вынесения апелляционного постановления. Приговор обращается к исполнению судом первой инстанции не позднее трех суток со дня вступления приговора в законную силу или возвращения дела из вышестоящего суда. Приговор суда подлежит обращению к немедленному исполнению в части освобождения осужденного, оправданного из-под стражи.

Обращение к исполнению приговора и постановления возлагается на суд, рассматривавший дело по первой инстанции. Распоряжение об исполнении приговора направляется судьей вместе с копией приговора тому органу, на который в соответствии с уголовно-исполнительным законодательством возложена обязанность приведения приговора в исполнение.

Все материалы и копия постановления суда по вопросам, связанным с исполнением приговора, после вступления в законную силу приобщаются к уголовному делу. Если постановление суда пересматривалось вышестоящими судебными инстанциями, к уголовному делу также приобщаются копии постановлений этих судебных инстанций.

Учреждение или орган, исполняющие наказание, немедленно извещают суд, постановивший приговор, о приведении его в исполнение. Учреждение или орган, исполняющие наказание, должны извещать суд, постановивший приговор, о месте отбывания наказания осужденным. Об исполнении приговора апелляционной инстанции извещение направляется в соответствующий суд первой инстанции.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Илийского районного суда Алматинской области.

СУД ПРИСЯЖНЫХ

РАСШИРЕНЫ ПОДСУДНОСТИ СУДА ПРИСЯЖНЫХ

Президент Казахстана К.К.Токаев уделяет большое внимание верховенству права, качеству правосудия и вопросам модернизации судебной системы. Одна из реформ, инициированная Главой государства, – расширение подсудности суда присяжных, где главной целью создания института суда присяжных является укрепление прав и свобод лица, попавшего в орбиту правосудия. Этому свидетельствует, что с 1 января 2023 года количество дел, подсудных присяжным, увеличилось с 14 дел до 35, а с начала текущего года до 43. Теперь народным заседателям стали доступны такие дела, как нарушение ПДД, пытки, рейдерство, незаконная охота, обращения осуждённых об УДО и замене меры наказания. При этом ни в коем случае судьи из народа не могут участвовать в делах по убийствам, совершенным в военное время, в условиях чрезвычайной ситуации, по преступлениям, совершенным в составе преступной группы. Это связано с тем, чтобы исключить возможное давление на присяжных. Ведь, к примеру, число членов ОПГ может быть достаточно большим и не все они могут быть задержаны.

Коллегия присяжных включает в себя 10 заседателей, над ними шефствует один профессиональный судья. Списки кандидатов формируются исполнительными органами, в каждом регионе создаются списки граждан, подходящих на роль присяжных. Эти данные передаются в суды, а там, в свою очередь, отбираются по 200-300 человек. Для того, чтобы собрать группу присяжных, может понадобиться несколько месяцев, так как помимо проверки на соответствие критериям, гражданину, исполняющему свой долг, могут объявить отвод. На это имеют право стороны обвинения и защиты, но лишь в тех случаях, если кандидат как-то связан с этим делом или состоит в родстве с кем-то из участников процесса. Также может сыграть роль какая-то иная личная заинтересованность кандидата в том или ином исходе дела.

Часть 4 ст. 647 УПК устанавливает запрет присяжным отлучаться из зала судебного заседания во время слушания дела; вступать в контакт во время слушания дела по делу с лицами, не входящими в состав суда, без разрешения председательствующего; собирать сведения в ходе разбирательства дела вне судебного заседания; разглашать сведения об обстоятельствах, ставших ему известными в связи с его участием в закрытом судебном заседании, а также нарушать тайну совещательной комнаты.

Олжас АЛБОСЫНОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМУС области Жетысу.

МЕДИАЦИЯ

ВСЕ ПОЛНОМОЧИЯ ПРИНАДЛЕЖАТ УЧАСТНИКАМ КОНФЛИКТА

В наше непростое время повседневной жизни конфликты и спорные ситуации возникают не редко. Такие моменты повсеместно случаются при разводе между супругами, при неисполнении обязательств между работником и работодателем, а также между бизнесменами. Тогда, чтобы добиться справедливости конфликтующие стороны обращаются напрямую в суд, тратя свои драгоценные время, деньги. А если бы они знали о медиации, наверняка свой спор могли бы решить способом медиации. А ведь, зачастую большинство конфликтов можно решить мирным путем, то есть без суда. В этом случае люди должны обращаться к медиатору. Мы своем небольшом материале разъясним кто такой медиатор, чем он занимается и почему медиация выгоднее судебных разбирательств.

По достоверным источникам, термин "медиация" происходит от латинского слова "mediare", что означает — посредничать. Принято говорить, что это новая форма альтернативного урегулирования споров. Большинство граждан даже не знают, что такое медиация, как она применяется, и какую пользу она может принести. Медиатор не является представителем какой-либо стороны спора или посредником между сторонами, он не обладает правом принимать решение по спору. При проведении данной процедуры он лишь способствует урегулированию спора, помогает сторонам спора выявить их истинные интересы и потребности, найти решение, которое бы удовлетворяло всех участников конфликта. В этом видится основная задача медиатора.

Главным принципом является недопустимость вмешательства в процедуру медиации. Все полномочия по принятию решения принадлежат участникам конфликта. Они сами контролируют процесс рассмотрения спора, решают, каким образом регулировать конфликт, а также нужна им данная процедура или нет, согласны они на примирение или же всё-таки они будут обращаться в суд для защиты своих прав. Очень важным принципом при проведении процедуры медиации является конфиденциальность.

Стороны в медиации не только решают спор путем переговоров, но и стараются сохранить дружественные отношения после медиации. При разрешении спора в процедуре медиации стороны не стараются доказать правоту или обосновать требования и возражения, а наоборот стараются достичь такого разрешения конфликта, которое устраивало бы обе стороны.

Әділет ДӘУЛЕТҰЛЫ,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУҒА ЖҮЗУ

АЙСБЕРГТЕР МЕН ПИНГВИНДЕР АРАСЫНДА ЖҮЗГЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Батыс Қазақстан облысының тумасы Әнел Сытдықова 12 қарашада Антарктида мұзды суларында 750 метр қашықтықты 18 минут 58,95 секундта жүзіп өтті. Бұл туралы KAZ.NUR.KZ Kazinform агенттігінде сілтеме жасап хабарлайды.

Су температурасы -1,4°С болғанына қарамастан, Әнел Сытдықова бұл сынақты еңсере білді.

Әнелдің айтуынша, ол Антарктидаға 10 қарашада Дрейк бұғазындағы екі күнге созылған жүзуден кейін жеткен.

Әнел Сытдықова жүзуге қатысқан топта әлемнің әр түкпірінен келген 13 жүзуші мен бір дәрігер болды. Топты IISA (International Ice Swimming Association, Халықаралық қысқы жүзу қауымдастығы) негізін салушы Рам Баркай басқарды. Құрамда әлемге танымал жүзу шеберлері де болды, олардың арасында "Ice Seven" және "Oceans Seven" титулдарының иегері Кейт Стил ерекше орын алады.

"Біз үшін бұл он күн өте ерекше болды. Антарктида суларында жүзуге қолайлы сәтті күтіп, шыдамдылық таныттық. Сонымен қатар кемеде басқа жолаушылардың қауіпсіздігі мен тәртібін сақтау да маңызды еді. Судың салқындығы -1,4 градус болса, желдің жылдамдығы сағатына 35 шақырым еді. Айсбергтер мен пингвиндер арасында жүзудің әсері бөлек. Антарктида мұздай құшағын ашқан аз ғана адамның қатарында болу мен үшін ерекше оқиға болды", - деді Әнел Сытдықова.

Әнел Сытдықова – триатлоннан Қазақстанның тұңғыш темір ханшайымы, сондай-ақ Ironman және Ultraman атақтарының иегері. Бұған дейін ол гидрокостюмсіз Ла-Манш бұғазын жүзіп өткен алғашқы қазақ қызы атанған.

2022 жылы жазда Әнел Манхэттен аралын айналып, 48,5 шақырым қашықтықты жүзіп өтті. Сол жылы Лос-Анджелесте Каталина бұғазын (34 шақырым) бағындырды. Бұл жетістіктер Әнелге ашық суда жүзуден "Үштік тәж" атағын алып келді. Осылайша, ол Triple Crown клубына мүшелікке қабылданған ТМД елдеріндегі алғашқы спортшы болды.

Айта кетейік, қазіргі таңда Әнел Сытдықова қазір отбасымен Лондон маңында тұрады. Оның алдағы жоспарларының қатарында АҚШ-тағы бірнеше ұзақ қашықтықтағы бәсекелерде жүзіп, жетістікке жету бар.

ДЗЮДО

ЖЕРЛЕСТЕРІ СУ ЖАҢА КӨЛІК СЫЙҒА ТАРТТЫ

Париж Олимпиадасының қола жүлдегері Ғұсман Қырғызбаевқа жерлестері көлік мінгізді. Бұл туралы KAZ.NUR.KZ дзюдошының Instagramдағы парақшасына сілтеме жасап хабарлайды.

Ғұсман Қырғызбаевтың туған жері Түркістан облысы, Ордабасы ауданында дзюдошының құрметіне орай республикалық турнир өткен. Жарысқа 200-ден астам жас спортшы қатысты. Турнир барысында Ордабасы ауданының атынан жергілікті кәсіпкерлер Қырғызбаевқа Haval автокөлігінің кілтін табыстаған.

Еске салайық, Ғұсман Қырғызбаев Париж Олимпиадасында дзюдодан 66 кг салмақ дәрежесінде бақ сынап, қола жүлде жеңіп алған еді. Ол үшінші орынға таласта сербиялық дзюдошы Страхинья Бунчичтен "вазари" ұпайымен басым түсті. Сондай-ақ Қырғызбаев – әлем чемпионатының күміс және Азия чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері.

Қырғызбаев Парижден оралған соң оған әуежайда Қазақстан дзюдо федерациясы атынан Toyota Land Cruiser 250 автокөлігі сыйға тартылды. Сондай-ақ кәсіпкер Кеңес Рақышев дзюдошыға KIA EV 6 автомобилін мінгізді. Ал Алматы әкімі Ерболат Досаев бір бөлмелі пәтер, Hyundai Tucson темір тұлпарын және ақшалай сыйақы табыстады. Бұдан бөлек спортшыға Түркістан облысы Темірлан ауданының азаматтары да көлік тарту еткен еді.

КОРЕЙ КҮРЕСІ

ҚАЗАҚ ПАЛУАНДАРЫ КОРЕЙШЕ КҮРЕСТІ

ҚАЗАҚ ПАЛУАНДАР КОРЕЙ КҮРЕСІ БОЙЫНША ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСТЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ 24.KZ САЙТЫ.

Оңтүстік Чолла провинциясында өткен турнирге 10 елдің спортшылары жиналды. Олар 140 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде белдесті. Ел намысын қазақ күресінің чемпиондары Қайсар Шамшидин мен Алтынбек Аусағитов қорғады. Қайсар қарсыласын екі белдесуде жеңіп, үшінші кездесуде испаниялық Рауль Менсеге есе жіберді. Корей күресінің алғашқы халықаралық чемпионаты 2011 жылы өткен. Корей күресінің ерекшелігі, спортшылар құмда сырт киімсіз белдеседі. Біздің құрама бұл жарысқа төртінші рет қатысып отыр. Биылғы турнирде қазақстандық палуандар жергілікті тұрғындарды қазақ күресі ережелерімен таныстырды.

Қайсар Шамшидин, турнирге қатысушы:

- Енді бірінші рет күрескен соң сәл ыңғайсыздау. Ережесін дұрыс білмейміз әлі, қалай күресу керек, қалай не істеу керек. Өзіміз қазақ күресімен күресеміз. Қазақ күресінде өзіміздің матрасымыз бар ғой. Олар құмның үстінде күреседі. Кішкене болмады енді.

Чан Рэ Хван, ссирым күресінен қазақстан құрамасының бапкері:

- Қазақстандық спортшылармен екі күн ғана дайындалдық. Сондықтан олар жақсы нәтиже көрсетті деп ойлаймын. Қазақ күресі ссирымнен мүлдем өзгеше. Мен өзім Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысқанда қазақ күресі бойынша турнирде техника жетіспеушілігінен біраз қиын болған еді.

ФУТЗАЛ

«ҚАЙРАТ» ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ АҚТЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ

24.KZ САЙТЫНЫҢ ХАБАРЛАУЫНША, АЛМАТЫНЫҢ «ҚАЙРАТ» КОМАНДАСЫ ФУТЗАЛДАН ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ ФИНАЛДЫҚ КЕЗЕҢІНЕ ШЫҚТЫ.

В тобында қазіргі кезде алматылықтар 9 ұпаймен жеңімпаз атанды. Жалпы жерлестеріміз екі турдан кейін-ақ, өз тобында бірінші орынға ие болатыны белгілі болған. Өйткені, франциялық «Этуаль» хорватиялық «Футзал Динамо» командасын 4:3 есебімен жеңгеннен кейін «Қайраттың» мерзімінен бұрын финалдық кезеңге шыққаны белгілі болды. Соған қарамастан «Қайрат» соңғы ойынын да қарқынды өткізіп, загребтың «Футзал Динамосын» 5:1 есебімен ойсырата ұтты.

Чемпиондар лигасының ақтық ойындарына «Қайраттан» басқа испанияның «Пальма» және «Картахена» командалары және португалияның «Спортинг» клубы іріктеліп шықты. Осы таңдаулы төрттік келер жылдың мамыр айында чемпиондар лигасының жеңімпазын анықтайтын болады.

ТЕННИС

ӘМІР ОМАРХАНОВ МЕКСИКАДАҒЫ БЕДЕЛДІ ТУРНИРДІҢ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

МЕРИДА ҚАЛАСЫНДА (МЕКСИКА) ITF J500 БІРІНШІ САНАТЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРНИРІ АЯҚТАЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.

Қазақстандық Әмір Омарханов ресейлік Тимофей Дерипаскомен бірге жұптық сында жеңімпаз атанды.

Олар финалда жарыстың бірінші ракеткалары Петр Брунлик (Чехия)/ Чарли Робертсонды (Ұлыбритания) 6:4, 6:1 есебімен сенімді ұтты.

Омарханов екелей сын бойынша жартылай финалда француз Томас Фуреленнен жеңіліп қалды – 2:6, 3:6.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ЖІГІТТЕР МЕН ҚЫЗДАР ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Біз барлық жағдайларға арналған жігіттер мен қыздар туралы қызықты фактілерді жинадық! Бұл фактілерді жинақтау кезінде олардың арасындағы қарым-қатынастың психологиялық тенденциясын ескердік. Бұл фактілер әрбір жігіт пен қыз үшін қызықты болады деп ойлаймыз.

Жігіттер мен қыздар туралы ең жақсы 10 факт

1. Жігітер қыздарға қарағанда, қыздар өздерін ұлдарға қарағанда ақылды деп санайды.

2. Жігіттерге қыздардың бастама көтергені ұнайды, әсіресе қыздар бірінші қадам жасағанда! Қыздар, керісінше, инициативаны өз қолдарына



алуды ұнатпайды, өйткені олар өте ұялшақ.

3. Жігіттер SMS пен Telegram-дағы түрлі чаттардан гөрі телефонмен сөйлескенді жөн көреді. Ал қыздар смс жазғанды жақсы көреді, өйткені бұл олардың өзін еркін сезінуіне әкеледі.

4. Жігіттер әдемі өтіріктен ашы шындықты жақсы көреді. Ал қыздар тәтті өтірікті жақсы көреді.

5. Бір-екі жігіт жиналса, олар футбол немесе басқа спорт туралы сөйлеседі. Қыздар жиналса жігіттерді талқылайды.

6. Жігіттер достарымен жеке қарым-қатынастары (қыздар) туралы сирек сөйлеседі немесе бір-бірінен кеңес сұрайды. Ал қыздар бұл туралы бір-бірімен сөйлеседі.

7. Жігіттерге көз жасы мен түрлі жылау ұнамайды. Ал қыздар сол себеп болды дегенше оңды-солды жылайды.

8. Жігіттер дүкенде немесе базарда ұзақ серуендегенді ұнатпайды, керісінше қарапайым киімдерді таңдап, тартымды киімнің орнына сатып алады. Қыздар бірнеше сағат бойы дүкен аралап, ештеңе сатып алмай қалуы мүмкін немесе керісінше, «менің киетін ештеңем жоқ» деп бәрін сатып алады.

9. Жігіттер отбасын құрмай-ақ сүюге болады деп есептесе, қыздар керісінше айтады.

10. Ұлдар жас кезінде қызық көріп, есейген сайын тұйық болып, ал қыздар жастай ұялшақ болып, есейген сайын нағыз «Анакондаға» айналады!

Қарым-қатынас туралы екінші 10 факт

1. Жігіттер тамақ жасаса, бұл мерекенің бір түрі, қыздар тамақ пісірсе, бұл аптаның қарапайым күні екенін біліңіз.

2. Жігіттер «Сенімен шындап сөйлесуіміз керек» деген сөзді ұнатпайды. Ал қыздар мұны тұрмысқа шығу ұсынысы деп қабылдайды.

3. Жігіттер бір жұмысты сағаттап орындай алады. Қыздар үшін бір нәрсені сағаттап жасау өте жалықтырады, олар бірден 10 нәрсені жасай алады: бояну, досымен телефон арқылы сөйлесу, кешкі ас әзірлеу, кір жуу және т.б.!

4. Егер жігіттер қымбат сыйлық берсе, бұл олардың әлі үйленуге дайын дегенді білдірмейді. Егер мұндай сыйлықты қыздар берсе, қыздың жігітке үйленуге келісетінін білдіреді.

5. Жігіттер сүйіктісімен ажырасқан кезде оның (бұрынғы қызының) нөмірін контактілерінен өшіруді ұмытып кетеді. Қыздарда бұл мүлдем керісінше, қоштасудың алғашқы секундтарынан бастап олар тек телефон нөмірлерін ғана



емес, сонымен қатар барлық фотосуреттерді, әлеуметтік желілерді өшіреді, тіпті жігіттің достарымен байланысты мүлдем тоқтатады.

6. Жігіттер қызды ұнатса, онымен танысуға тырысады. Қыз жігітті ұнатса, бұл жігітке жараспайтынын сезіп, бұл үшін өзінен мін іздеп, ішегін жеп қояды.

7. Жігіттер көбіне олар үшін идеалды қыз қандай болатынын ойламайды, оларды қыздардың шаштары немесе көздері көбірек қызықтырады. Ал қыздар өз арманындағы «ханзаданы» анық елестетеді: кездескен жігіттің шашы немесе көзі олардың идеалына сәйкес келмесе де, оның жанынан өтіп кетеді.

8. Жігіттерге деген шынайы махаббат -

тыныштық, яғни сабырлық. Қыздарға деген шынайы махаббат - бұл тұрақты қуаныш пен бақыт.

9. Жігіттер бір киімді ұзақ киюі мүмкін, бірақ қыздар оны қабылдай алмайды, бұл оларды күнде ренжітеді.

10. Егер жігіттерге қыз ұнаса, оның алдында өзін арыстандай ұстауға тырысады: иықтарын тік ұстап, батыл қимылдар жасайды. Дәл осындай жағдайда қыздар жігіттің алдында ұялып, ыңғайсызданып, кенет қызарып кетеді.

Қыздар мен ұлдардың оғаштығы туралы бесінші 10 факт

1. Жігіттерге душқа түсу үшін бір кесе сабын жеткілікті! Ал қыздарға кем дегенде 10 түрлі заттар қажет: сабын, шампунь, бальзам, гель, әртүрлі майлар, маскалар және сол сияқты заттар.

2. Жігіттер отбасын құру үшін өздерінің түрлі «әдеттерінен» бас тарта алмайды, ал қыздар арманындағы идеал адамды кездестіргенде сол адамға 360 градусқа өзгертуге дайын.

3. Жануар ұстайтын жігіттерге, мысалы, итке, ит олардың жақын досы бола алады, бірақ ит немесе қызды таңдау керек болса, жігіттер міндетті түрде қызды таңдайды. Қыздар, керісінше, өздерінің сүйікті котенкасын немесе күшігін шынайы қарым-қатынастан артық көреді.

4. 99% дерлік жағдайда бұзылған жұптардың арасында бірінші қадамды жігіттер жасайды, мұндай жағдайда бірінші қадамды жасау қыздар үшін «өліммен тең».

5. Жігіттер қарым-қатынаста сүйікімді, сұлу, кейде анасындай қыздарды іздесе, қыздар ертегідегі ақ боз ат мінген «әлгі атақты» ханзаданы іздейді.

6. Ұлдар пайдалы кітаптарды, ал қыздар заманауи кітаптарды оқиды.

7. Жігіттер сүйікті қыздарының ата-анасымен кездесуге асықпайды, ал қыздар, керісінше, сүйікті жігітінің ата-анасымен тезірек танысқысы келеді.

8. Жігіттер бойдақ кезінде әртүрлі «видеолар» көре алады, қыздар бойдақ кезінде жігітінің назарын қалай аударуға болатыны туралы бейнелерді көреді.

9. Әдетте, жігіттер таңертең тұру үшін бір оятқышты қойып, шырылдаған бойда кете алады. Ал қыздар таңертең тұру үшін қатарынан бірнеше оятқыш қоя алады, бұл көмектеспейді, тұруға тағы 1 сағат кетеді.

10. Жалғыз жігіт артынан бір топ қыздар барсын деп немесе оларды оңай ілмек үшін көлік сатып алады. Жалғыз бойжеткен өзіне жақсырақ және бай жігіт жақындау үшін көлік сатып алады.

Егер жоғарыда аталған фактілердің қайсысы сізге сәйкес келмесе, біз сізді қуантуға асығамыз, өйткені бұл фактілер көптеген студенттер мен жастардың сауалнамасы негізінде қалыптасты және бұл фактілер бір адамға емес, жалпыға қатысты. үнемі болып тұратын жағдайлар.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Айару АРДАБАЙ

Аруна АРДАБАЙ

Дария МАРАТ

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші
Зарина БЫЖЫБЕК – корректор-журналист

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 1281
Индекс 15534